

"Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 мамырдағы №234 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 329 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 маусымда № 3862 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 602 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 01.11.2023 № 602 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27-баптарына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 мамырдағы №234 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3438 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 маусымда аудандық "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Найманова Үміткен Қапанқызына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

Б. Қазанбасов

Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы №329 "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің

2017 жылғы 18 мамырдағы №234 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысына келісім парағы

КЕЛІСІЛДІ

"Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының Жамбыл аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері

_____ А. Сауруков

29 мамыр 2018 жыл

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 29 мамырдағы
№ 329 қаулысына қосымша

Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгіленген ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымдардың атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Ауыр жұмыстағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде белгіленген квота саны (адам)
1	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Баймырза Бесбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	114	3%	3
2	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Абдірахман Әйтиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	135	3%	4
	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "№1 орта			

3	мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	150	3%	4
4	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Валерий Чкалов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	194	3%	5
5	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Абай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	3%	3
6	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Гродеково орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	168	3%	5
7	"Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының Жамбыл аудандық орталық ауруханасы " шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	154	3%	4